

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 6 «А» сыныбында 2022 -

2023 оқу жылының

жылдық жұмыстары жөнінде хабарлама

### Хабарламасы

2022 – 2023 оқу жылында 6 «а» класымен төмендегідей жұмыстар жүргіздім: «Туған тілім тірлігімнің айғағы», «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы», «Мемлекеттің рәміздер-ұлттық мақтаныш», «Әке асқар тау, Ана мөлдір бұлақ» атты тәрбие сағаттарын өткіздім. «Кітап – асыл қазынам» тақырыбында мектеп кітапханашысымен бірлескен танымдық сағатын өткіздім. Қыз балалар гигиенасына қатысты мектеп медбикесімен бірлескен дөңгелек үстел өтті. Наурыз мерекесіне орай «Наурыз тойы – мерекем, салт – дәстүрім, берекем» атты сыныптан тыс шара өткіздім. «Наурыз шуағы» мерекелік онкүндік жоспары шеңберінде «Наурыз – ұлт құндылықтарының бастауы» тақырыбында 6 кластар ата-аналары арасында волейбол ойындары ұйымдастырылып, класс оқушылары да өз үлестерін қосты.

Класс оқушылары әр түрлі пәндерден онлайн – олимпиада, мектептегі түрлі апталықтарға қатысты. Республикалық кешенді кіші олимпиадаға онлайн қатысқан оқушыларым пәндер бойынша жүлделі орындарды иеленді. Балалар мектептен тыс уақытта спорттық үйірмелер, саз мектебі кластары, қолөнер мектебі сынды ұйымдарда бос уақыттарын тиімді пайдалануда. Жетістіктері арқасында облысқа, арнайы мектептерге ауысқандары да бар.

Ер балалар мен қыз балалар жиналыстарын өткізіп, үнемі жеке ата – анамен оқушылардың тәртібі мен оқу үлгерімі туралы пікірлесіп отырамын.

Үй аралау жұмыстары да қарқынды жүргізіліп отырады.

Класс жетекші: *Кемеш* Г.Б.Кемешова.